КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

20 желтоқсан 2024 жыл №2713-24-00-2/3413 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Кадырова
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Shuzi» Камалова Шұғыла Сабыржанқызы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№№ 1,2 талаптары бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес, тауар жеткізілімінің шарты бойынша кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

«Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі (одан әрі - тапсырыс беруші, талап қоюшы, талапкер) және «Shuzi» Камалова Шұғыла Сабыржанқызы жеке кәсіпкері (одан әрі – жауапкер, өнім беруші) арасында 2024 жылғы 7 қазанда № 760 тауарларды мемлекеттік

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алу туралы шарт жасалған (одан әрі - шарт).

Шарт талаптарына сәйкес, жауапкер шарт аумақтық қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде «Сумен жуу үшін құрылғы» түріндегі тауарды жеткізуді міндеттенген.

Тапсырыс беруші шарт талаптарына сәйкес тауарды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Жауапкер шартта көрсетілген міндеттерін орындамай, шарт талаптарына сәйкес келетін тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаптарымен сотқа жүгініп, өнім берушінің шартта көзделген міндеттерін орындамағанын атап көрсеткен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот жауапкер шартпен көзделген міндеттемелерін орындамағанын, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғанын анықтады.

Жауапкер тарапынан анықталған мән-жайларды, талап қоюда көрсетілген уәждерді жоққа шығаратын немесе шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттар сотқа табыс етілген жоқ.

АК-нің 2 бабының 2 тармағына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бас тартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын белгілеуде ерікті.

Және АК-нің 380,382 баптарына сай, азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді.

Тиісті шарттың мазмұны, заңдармен жазылған жағдайлардан басқасында, шарт ережелері тараптардың өз қалауы бойынша белгіленеді.

Осыған орай, жауапкер өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып шарт жасасып, шартпен қарастырылған міндеттемелерін тиісті түрде орындауға тиіс еді.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

АК-нің 293-бабы бойынша борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 10.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2025, судья Хайруллина У. Е., 17.02.2025

2713-24-3-1/3673

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес,тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Осыған орай, талап қоюшы кешіктірілген 14 күн үшін 1 808,62 теңге мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын көрсеткен.

Тұрақсыздық айыбы тауарды жеткізу мерзімі аяқталған күннен бастап дұрыс есептелген.

Жауапкер тарапынан тұрақсыздық айыбының басқа есебі сотқа ұсынылған жоқ.

Істің мұндай жағдайында, талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы өндірілуі тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Shuzi» Камалова Шұғыла Сабыржанқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Shuzi» Камалова Шұғыла Сабыржанқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 808,62 (бір мың сегіз жүз сегіз теңге алпыс екі тиын) мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбы және 1 900 (бір мың тоғыз жүз) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 10.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2025, судья Хайруллина У. Е., 17.02.2025

2713-24-3-1/3673

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Кадырова А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 10.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2025, судья Хайруллина У. Е., 17.02.2025

2713-24-3-1/3673